

Ж.А. Жақыпов<sup>1</sup>  , Н. Абдикарим<sup>\*2</sup> 

<sup>1</sup>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

<sup>2</sup>Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» гылыми-практикалық орталығы,  
Астана, Қазақстан

(E-mail: <sup>1</sup>zhan.zhak58@gmail, <sup>2</sup>nursana@yandex.ru)

## **Жоғалған тілдің негізгі лексикасы (Монголиядағы хотың тілі)**

**Аннотация.** Мақала жойылған тілдердің қатарына жататын, әлем тілдерінің тізіміне енбекен хотың тілін зерттеу барысындағы алғашқы кезеңнің нәтижелерін көрсетуге арналған.

Зерттеушілер хотыңдарды тек тарихи-этнологиялық түргыдан ғана қарастырған. Соңдықтан бұл еңбектің ерекшелігі – этностың тілін арнайы зерттеу нысаны етіп алуында.

Монголия елін мекен ететін хотыңдар (Орыс, монгол тілдерінде «хотон» деп жазады, ал олардың өзіндік аты – «хотың») этникалық жадын жоғалтпаған: түркі текстес екендерін біледі. Соңғы санақ бойынша саны 11000-ға жеткен. Солай бола түра тілдерін жоғалтып алған, әзірше хотың тілінде сейлейтін адам табылмай түр. Сейтсе де жекелеген сөздер халха тіліндегі «говор» сияқты қолданылатыны байқалады.

Қазіргі жалпы тіл білімінде тілдердің текстестігін бағалау үшін «Сводеш тізімімен» бағдарлау жолға қойылған. Соңдықтан хотың тілі лексикасының сводештік тізімін жасау міндетті атқарылды. Ал хотың тілінің түркі тіліне жататындығын көрнекі дәлелдеу мақсатымен түркітанушы А.В. Дыбоның түркі базистік лексикасын этиологиялау үшін қолданған стандартты сводештік тізімі пайдаланылды.

Хотың тілінің лексика-грамматикалық бірліктерін жүйелеп, тіркеу нәтижесінде оның түркі тілдерінің қатарындағы орнын, қай топқа жататындығын нақты анықтау мүмкіндігі бар екені байқалды.

**Түйін сөздер:** жоғалған тіл, хотың, түркі тілдері, Сводеш тізімі, негізгі лексика, мағыналық санат.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-147-2-68-80>

Түсінілдік: 6.01.2024; Жөнделді: 16.02.2024; Мақұлдануды: 18.03.2024; Онлайн қолжетімді: 29.06.2024

---

### **Kіріспе**

Хотың тілінің түркі тілге жататыны құмәнсіз. Алайда түркі тілдерінің қай тобы, қай тармағына жататынын анықтау түйткілді мәселе болып түр. Бұл үшін алдымен хотыңдардың шығу тегі туралы зерттеушілердің түркіларына қарасақ, олардың дені хотыңдарды, негізінен, қырғыз этносымен байланыстырады.

Жалпы тіл білімінде америкалық тілтанушы Morris Сводеш ұсынған тізім әртүрлі тілдер арасындағы туыстық шамасын анағұрлым тұрақты базалық сөздердің ұқсастығымен бағалаудың құралына айналды. Сводеш тізімі – сол тілдің лексемаларының базалық сипатты я тарихи тұрақтылығы сияқты шамаларының азаюына қарай реттелген, стандартталған

тізім. Оны М.Сводеш ең өзекті деген сөздердің ықшам жиынтығын 100 сөздік тізіммен берген. Бұл тізімде негізгі есімдіктер, етістіктер, сын есім мен сан есімдер, туыстық атаулар, азға, өсімдік, түр-тұс атаулары қамтылған. Сводештің стандартты тізіміне кез келген тілден сөздің тек қана қарапайым, айқын, негізгі әрі қазіргі мағынасын тіркеу және басы артық синонимдерді мүмкіндігінше қоспау үйғарылады. Мұндауда лексеманың ағылшын тіліндегі бастапқы мағынасын бағдар ету қажет. Осыған орай, бұл сөздер ішінде кірме сөздің болу мүмкіндігі тым шектеулі болады.

Бір мақалада хотың тілінің лексикасын сипаттап шығу мүмкін болмайды. Сондықтан біз Сводеш тізіміне сүйеніп түгендер шығумен шектелеміз. Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігін түзген А.В. Дыбо Сводеш тізіміне қатысты сөздерді түркі тілдерінің базистік лексикасы ретінде қарап, 100 лексеманы төркіндептеген [1]. Интернет-ресурста Сводеш тізімінің түркі тілдеріне арналған қосымшасында 302 сөз алғынған.

А. Дыбонаң «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінде» Сводеш тізіміндегі 100 лексеманы, С.Е. Яхонтов қосқан 10 сөзді қосқанда, 110 сөзді талдауға тартылады. Бұл 110 бірлік жеке бір оқшау алғынған сөзден ғері лексика-семантикалық санат деуге келеді [1]. Дыбо сөздігі ағылшын әліпбі бойынша түзілген, яғни ағылшын сөзі тірек болады да, оның түркі тілдеріндегі баламаларына этимологиялық талдау жасалады. Біз бұл мақалада этимологиялық талдауды арнайы мақсат етпейміз. Мақсатымыз Дыбо сүйенген Сводеш тізіміндегі мағыналардың хотың тілінен орын алғанын, олардың сипатын анықтау болып отыр.

### Әдіснама

Хотың тілі жөніндегі мәліметтерді алғашқы болып 1876-1877 жылдары Г.Н. Потанин әр түрлі мәтіндер жазып алған, ондағы сөздердің шамасы 100-дей [2]. Бұл сөздерден А.Н. Самойлович хотыңша-орысша сөздік түзіп, лексикографиялық түсініктемелер береді [3]. 1911 жылы Б.Я. Владимирцов жекелеген сөйлемдер жазып алғып, 116 сөзден тұратын хотыңша-орысша «Словарик» түзеді [4].

Монголиядан С. Бадамхатан [5], Б. Санхүү [6], Д. Солонго, Р. Сарангэрэл [7] сияқты зерттеушілердің хотыңдар жөніндегі еңбектерінде жалпы жиыны 300 сөздей теріліп, халха тіліне аудармасы берілген. Хотыңдар өздері дүғалардың жинағы деп қарайтын, әр түрлі рәсімдерде мұсылмандық сарынмен айтылатын мәтіндерді «Худая» деген атпен кітап етіп шығарған. Осы мәтіндердің ішінде монғол емлесімен, дыбысталымымен ажыратылмай жазылып кеткен түркі сөздер жеткілікті.

Хотың тілін зерттейтін ғылыми жоба мүшелерінің далалық зерттеу жасаған кезде сол этнос өкілдерінің, информанттардың, аузынан жазып алған сөздері де зерттеу материалы ретінде қарастырылды.

Мақала салыстырмалы-тарихи әдістің бағдарымен жазылды. Мәтінді лингвистикалық түрғыдан жаңғыру амалдары пайдаланылды. Монғолша сөйлеу ағынынан түркі сөздерді ажыратып алууды да зерттеу барысындағы бір әдіске жатқызуға болады.

### Нәтижелер және талқылау (Findings/Discussion)

Хотың тілінде Сводеш тізіміне сай келетін сөздерді алға тартайық. Аталмыш этимологиялық сөздік ізімен жүріп отырамыз.

**1. All** – хотың тілінде *бар* сөзімен беріледі, «Худая» қасиетті мәтіндерінде «бар жагым», *барлық жагым, жақсы-жаман жагым* деген мағынадағы тіркесте кездеседі. Басқа формада қолданысы кездескен жоқ.

**2. Ashes** – құл, әзір табылған жоқ, бірақ осы сөзben тақырыптас *көө* сөзі экспедиция материалдарында бар: қырғыз тілінде де дәл осылай дыбысталады, «куйе» деген мағынаны береді.

**3. Bark** – ағаш қабығы, хотың тілінде *агач* сөзі бар, бірақ «қабығы» сынары жоғалған, *агач* сөзінің дыбысталуы қырғыз тіліне үқсас, ырга *агач*, қызыл *агач*, тола *тамырлы агач*, *арча*, *қарагай*, *қарганақ* деген түрлері бар.

4. **Belly** – қарын, іш, бұл сөз Б. Санхүү жазбаларында *ишкарық* түрінде кездеседі, жазып алғанда түркі тілдеріндегі қос сөз ескерілмеген, дұрысы – *iish-қарық* болса керек.

5. **Big** – ұлken, хотың тілінде бұл мағына кездеспеді, алайда ұлken сөзінің антонимі бірнеше пішінде айтылады: *кичи, кичкинә, имрәк, кічине*.

6. **Bird** – құс, бұл сөз дереккөздерде екі түрлі дыбысталыммен беріледі: *гүши, қүши*. Далалық зерттеулерде мұның *қүши* деп қырғыз тіліндеғідей дыбысталатындығы тіркелді. Осы мағыналық-тақырыптық өріске кіретін құс атаулары бар. Хотындар аққуды «ак күш» дейді. Құс атауын астрономиялық атауга енгізу бар: Уч күш (Уш құс) – Орион шоқжұлдызының аты, қазақ тілінде Үшарқар-Таразы деп атайды. Г. Потаниннің 1950 жылғы еңбегінде хотың тіліне қатысты екі құс атауын көлтіреді: бұлдуруқ, саджа [2, 620]. Бұл – шіл тұқымдас құстардың атаулары – бұлдырық, сажа (қылқұйрық). Бадамхатаның жазбасында бұлбул (бұлбұл) сөзі бар.

7. **Bite** – тістеу. Бұл етістік кездеспеді, әйтсе де тіс лексемасының (дыбысталымы – *тиш*) барына қараганда *тиште* етістігін жоқ деуге болмайды.

8. **Black** – қара, тұс атауы, сын есім, бұл хотың тілінде жеке дербес кездеспеді, алайда «Хар тәлтән тартанғас» деген сөйлем, «карагас гое» деген тіркес бар: мұны қазақшалағанда «Қара тілінді тартыныз», «қара қасқа қой» болып шығады.

9. **Blood** – қан. Хотындарда *сүяж* (Б.С.)<sup>1</sup> деген сөз бар, қазақшасы – қан. Асылы, бұл сөздің тұп-төркіні «сұйық» деген сөзге саяды.

10. **Bone** – сүйек. Бұл сөз *сүеәк* (Б.С.) түрінде монгол тілінің емлесімен жазылған.

11. **Breast** – кеуде, төс. Бұл мағыналық бірлік табылмады.

12. **Burn** – жағу, жану. Потанин жазбасында бұл *яг* түрінде берілген, дұрыс жазылуы тақ болуға тиісті. Бадамхатан кітапында «*Отос имәени ик жилганданаа чирәк нимаан тутак тұраі*» деген сөйлем бар (Жалпы мағынасы екі жалғанда да шырақпен тұтатылып тұраі дегенді білдіреді). Мұндағы «*тұтақ тұраі*» осы мағыналық топқа енеді. *Тұтақ* сөзі қазақ тіліндең *тұтату* сөзімен төркіндес, яғни «жағу» сөзімен мағыналық жақындықта. Хотың тілінде бұл сөздің болуының ықтималдығын *от* сөзінің жиі кездесуі, очаг (қазақша ошақ) сөзінің болуы нықтай түседі.

13. **Come** – келу. Бұл етістік хотың тілінде *келеді, келер, келелі(к)* т.б. әр түрлі формада жиі қолданылады.

14. **Die** – өлу. Хотың тілінен бұл мағыналық санатқа қатысты бір ғана бірлік табылды: *арылх* сөзі «арылу, қайтыс болу, алыстау» (Д.С., Р.С.)<sup>2</sup> деген мағынада қолданылатыны анықталды.

15. **Dog** – ит, дереккөздердің бәрінде дерлік бар, тек әр түрлі жазылған: *ийіт, іт, ээт;* Борь Кичиг – күшік, кичигләх – күшіктеу ретінде де көрініс табады.

16. **Drink** – ішу, осы мағынада дереккөздердің бәрінде көлтіріледі. Бұған синоним ретінде *сұлаган* сөзі мына тіркесте қолданылған: *Йерін йерлекен, сууын сұулаган* Алтай-Хангай. Б. Владимирцов жазбаларында «*ат усху турат*» (ат суарылады деген мағынада) деген тіркес, *усху* сөзі сонымен бірге «*сұсау*» деген мағынада да қолданылатыны байқалды.

17. **Dry** – құрғақ. Бұл мағыналық санаттан *хуураа, хухаа* деген екі сөз табылды, *хуураа* «құрғақ» деген мағынаны берсе, *хухаа* «қуарған, өні кеткен» (Д.С., Р.С.) деген мағынаны білдіреді.

18. **Ear** – құлақ сөзі Я. Владимирцов жазбасында ғана кездесті, ол орыс әліпбиімен мынадай етіп транскрипциялап берген: *хұлақ*.

19. **Earth** – жер. Бұл сөз дереккөздердің бәрінде бар, хотындардың жадында да жақсы сақталған. Орыстілді ғалымдар *йер, әр, яр* түрінде жазып алған, монголтілді ғалымдар ескермеген.

20. **Eye** – көз. Хотың тіліндең көз сөзі ресейлік дереккөздерде әр түрлі транскрипциямен берілген: *козъ, гөзә.*; хотындардың айтылымында – *көз*.

<sup>1</sup>Б.С. – Б. Санхүү

<sup>2</sup>Д.С., Р.С. – Д. Солонго, Р. Сарангэрэл

**21. Fat** – май. Хотың тілінде бұл «жогомтой» сөзімен беріледі (Д.С., Р.С.). Түп-төркіні «жүг» синкретті түбіріне саяды. Қырғыз тілінде майды ғақ дейтінің осы сөзben қандай да бір қатысы бар деп болжауға болады.

**22. Fire** – от. Орыс ғалымдары *ота*, *ота* деген екі жазылыммен берген, сөз соңына ашық дауысты дыбыс қосып айту – хотың сөйлеуінің бір ерекшелігі. Бұл мағыналық санатқа *шырақ* сөзін енгізуге болады, оны жазбаларда әр түрлі белгілеген: чирак, чирак (орыс ғалымдары), черәэг, чирааг, чиәэк (монгол ғалымдары). Бадамхатан еңбегінде *тамиширәгән* деген монгол емлесіндегі жазылымның монголша мағынасын *шырақ* деп берген. Біздіңше, бұл *там* және *ширәг* деген екі түбірден тұрады, ал -энэ – қосымша. Осы еңбек бойынша «от» түбірлі *отог* сөзінің мағынасы – отбасы. Бұл сөздің семантикалық өрісін ескерсек, хотың тілдік жадында сақталған очак (Б. Санхүү жазбасында – *гочоогонд*) – ошақ сөзін де қамтуға тиіспіз.

**23. Fish** – балық. Экспедиция кезінде білгеніміз – хотыңдар балық аулаумен айналыспағандығы. Соңдықтан да бұл сөз ұмытылған деуге болады.

**30. Fly** – ұшу. Бұл етістік әзірше табылмады. Хотың тілі деректерінде тек «көтерілу» деген мағынаны беретін «хоб сөзі Б. Владимирцов «Сөздікшесінде» бар, Б. Санхүү «хобаа» деп монгол емлесімен жазған. Бұл сөздің осы мағынада түркі тілдерінде қолданылатыны жөнінде айғақтар көп.

**31. Foot** – аяқ. Владимирцов «бут» сөзін «ұзын бұт тышқан» сөзінен алғып «ляжка (жамбас)» деп жаңылыс аударады. Бұт деп қырғыздар дene мүшесі аяқты атайды. Түркі тілдерінде аяқ сөзінің дыбысталымдық бір нұсқасы *адақ* екені белгілі, хотың тілінде «адақ» сөзі де бар, бірақ бұл дene мүшесінің атауы емес, «бір нәрсенің бітуі, бір әрекеттің соңы» деген мағынада қолданылады (Д.С., Р.С.). Осындағы «такм» – қазақ тіліндегі *тақым* сөзінің баламасы.

**32. Full** – толық. Б.Я. Владимирцов – «*толлө*», А.Н. Самойлович «*толо*» деп жазған, Б. Санхүүде «Балаарни жасын уузн жан толоо» деген тіркес кездеседі. Қырғыз тілінде толық сын есімін «толо» деп айтатыны белгілі [5, 247]. Қазақ тілінде «толы» сөзі ұқсас болғанмен, толық сын есімінің орнына жүре бермейді, мысалы, *толық жинақ* деп айтқанымызбен, *толы жинақ* деп айта алмаймыз.

**33. Give** – беру. *Ber* етістігі дәл осы мағынада Б.Я. Владимирцовтың «Сөздікшесінде» бар. Сонымен қатар хотыңдарда «*кийлән ас*» деген тұрақты тіркес бар, мағынасы – жейдені *алып бер*, демек *ас – бер* деген сөз [7, 120].

**34. Good** – жақсы. Б.Я. Владимирцовтабұл сөз «*яқші*» деп латынәріптегі араластырылып жазылған. Б. Санхүү жазбасынан амандаусы формуласы ретінде осы мағынада *иса* сөзінің қолданылатынын көреміз. «Хотон аман аялгуу»-да (2020 ж.) *иса* «жақсы» деген мағынада берілген, мұнда амандаусы формуласы «есәә исаа», «есен-жақсысыз ба» деп аударылады. Д. Бадамхатанда «Аак суеәктә *ягаш* мусурман болов уу?» деген сұраулы сөйлем бар, «Ақ сүйек жақсы мұсылман болдың ба?» болып аударылады. Осы сөйлемдегі *ягаш* сөзі қырғыз тілінде «*жағымды*, *лайық*, *ыңғайлыш*» деген мағыналарды беретін *жагыштуу* [8, 210] сөзімен, саха тіліндегі «*жеткілікті*, *ретті*» деген мағынадағы *jagush* [1, 285] сөзімен төркіндес екені байқалады.

**35. Green** – жасыл. Бұл тұста Сводеш тізіміндегі сөзді түркілік ұғымға ыңғайлау қажет болады. Демек, өсіп түрған жас шөп түсінің атауы ретінде қарау керек. Мұндай түсті түркі ұғымында «*көк*» дейтіні белгілі. Орыс ғалымдарының жазбаларында *көк* сын есімін жануардың түсімен байланыстырып, баламасын *сұры* (серый) деп береді. Солонго жазбасында «*кок*» жазылымы *көк* мағынасын береді, осыдан туындастырып екі сөз формасы – *кокрх*, *көгжрөх* – берілген, мағынасы *көгеру* деген етістікке тән.

**36. Hair** – шаш, қыл, тук. Дереккөздерде бұл сөз дербес, жеке кездеспейді, *чачыбаз* (Потанинде, Самойловичте – *чачибыкъ*, Владимирцовта - *чачыб“к*, Бадамхатан осы заттың «штайган» деген бір атауын ұсынады, Б. Санхүү «*чачбаг*», «*чачбык*» деп жазады және «*сувсараг*» деген бір нұсқасын ұсынады, біздің хотыңдардың аузынан естуіміз бойынша – *чачыбаз*) – *шашбау* біріккен сөздің құрамында қолданылған. Хотың тілінде осы мағыналық

топқа жатқызуға болатын басқа да сөздер бар. Б. Санхүү өрмелі қамшыны хотыңдардың *шашилаак* дейтінін жазады (Мұндағы *шаши* компоненті *ору* сөзімен ассоциациаланып тұр), қыл, жүннен ескен жіпті білдіретін *ракаачев* айтылымын көрсетеді. Орыс ғалымдарының жазбаларында кірпі тәріздес түгі бар жайраны (дикобраз) хотың тілінде *текянду тонгусъ* (*тікенди доңыз*) деп атайдыны туралы айғақ бар. Д. Солонго, Р.Сарангэрэл осы мағыналық өріс қамтитын *килгасн* – қылышық, *киргах* – қырқу тілдік айғақтарын көлтіреді. Экспедиция барысында хотыңдардан жазып алған өсімдік атауларының ішінде *саҳал өвс* – *сақалды шөп*, *шашиқты шөп* атауы бар (*шашиқ* сөзінің **шашпен** төркіндес екеніне күмән жоқ).

**37. Hand** – қол. Бұл мағыналық санат дененің нақты бір жеріндегі мүшесі ғана емес, иықтан қол ұшына дейінгі жерді түтел қамтитын сөз ретінде, бірдемені алу-беру, ұстай сияқты қымылдарды орындастырып құрал атауы ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан келгенде, хотың тілінде сөздер жеткілікті. Я. Владимирцов гол деп жазып алған. Г.Потанин саусақтардың атауын жазып алған: баш бармакъ (бас бармақ), бадан нирякъ (сұқ саусақ), урту омян (ортанғы саусақ), уру чимя (атсыз саусақ), кичкиня бобичекъ (шынашак). Осы еңбектегі «Саусақ арбауында» «бадан нирякъ» деген тіркес айтылымы орыстілді адамға жаңсақ естілген деп ойлаймыз («ң» дыбысы қос «нн» болып естілген), тіркестің екінші сыңары ирек болуға тиісті. Нақтылай айтқанда, бұл қазақ тіліндегі «балаң үйректің» хотың тілінде айтылуы. Далалық зерттеу барысында хотыңдардың ауызекі тілінде хумхай (сұқ саусақ), чикчиҳай (шынашак) деген атаулардың сақталып қалғанын көрдік (бұл сөздер монгол тілінде жоқ екенін ескертеміз).

«Қолдың» алу, беру қымылдарының атауы да бар: *бер* етістігі түбір күйінде ғана кездессе, *ал* етістігі «алалы, алыб» (Потанинде) формаларымен жазылған, *-лы* қосымшасы қыргыз тіліндегі етістіктің 1-жақтың көпше түрінде жіктелуімен, *-ыб* – қыргыз тіліндегі көсемше жүрнағымен бірдей.

**38. Head** – бас. Дене мүшесінің атауы ретінде: Я. Владимирцов «паш»; Б. Санхүү «бәғи (паш)», ал «Худая кітабында» «банц» деп берген; информанттардан «Ак шар баши хойын яндығына» деген тіркес таптық. Ал ауыспалы мағынасында саусақ атауы *баши бармакъ* (Потанинде) бар. Осы кеңістіктегі бір сөз тағы бір дереккөзінде *маннай* (мандай/манлай) (Д.С., Р.С.) түрінде жазылған.

**39. Hear** – есту. Бұл санатқа қатысты бір ғана сөзді «Худая» мәтіндерінен кездестірдік: «Хүчәэн ингән нимәэн дәнгәс хуваан дангас». Бұл сөйлемді жазбаға түсірген Б. Санхүү түркі тілін білмегендіктен сөздердің жігін таба алмаған, дыбысталымын монгол тіліне ыңғайлаған. Мұны түркішелесек, «Күшін енгіз, немен деңіз, құп аңдаңыз». Соңда «андангас» – *аңдаңыз* деген түркі сөзінің көрінісі болып шығады.

**40. Horn** – мүйіз. Бұл сөзге қатысты бір-біріне антонимдік қатынастағы екі сын есім табылды: *моузлю* (Потанин, Владимирцов, Самойлович) – мүйізді; *мухаа* – мұқыр, *мухаах* – мұқырлану, *мухах* - мұқырлау (Солонго).

**41. I** – мен. Жиналған материалдардан «мен» есімдігі түбір күйінде дәл осындай жазылыммен «Худаяның» 1-мәтінінде ғана кездесті. Д. Солонго жазбасында *манаа* (біздін), *манд* (бізге) деген екі сөз формасы бар. Информанттардан: *мәне* (бізге), *сәне* (саган), *оне* (оган), *манс* (біздер) *танс* (сендер) *бидим* (біз) деген сөздер жазылып алынды. Өздерінің монгол тіліне аударғандарын қазақшалап беріп отырмыз. Тәрізі, қате. Хотың тілінде *мен* есімдігінің «мән» болып айтылатынын анықталып отыр.

**42. Kill** – өлтіру. Бұл сөз табылмады. Бірақ Д. Солонго жазбасынан *арилад* деген сөздің ауыспалы мағынада «қайтыс болу» дегенді білдіретінін байқауға болады, бұл сөздің *арылу* сөзімен төркіндес екені көрініп түр.

**43. Know** – білу. Бұл сөз табылмады, тек Д. Солонго жазбасында *таних* сөзін *тану* деген аударуға болатынын ескертеміз.

**44. Leaf** – жапырақ. Бұл сөз табылмады, алайда монголтілді жазбаларда хотың тіліндегі *хожгор* сөзі «жалаңаш, қабықсыз тары» деген мағынаны білдіреді. Осы сөз жапырақ сөзінің ассоциациясымен, «қабықпен», байланысты екені байқалады. Ал қабық сөзі туралы ақпаратты информанттардан алдық: «хавах – үйдің жүқа жабуы».

**45. Lie** – жату. Информанттармен әңгімелесу барысында итке «*Ар жат!*» (Ары жат) деп айтқанын белгілеп алдық. Жатудың мағыналық мазмұнында «көлбей қалып» бар екені белгілі. Осыны ескерсек, Д. Солонго жазбасындағы *көндөндө* (көлденеңдеу) сөз формасын осы қатарға енгізуте болады. *Жату* етістігімен ассоциациаланатын тәсек, тәсеніш сөздері, ондай сөзден информанттар бір ғана хотың сөзін берді: *атсыз* (аттың терісінен жасалған тәсеніш).

**46. Liver** – бауыр. «Худаяның» №1 мәтінінде дене мүшесі бауырды «багур» деп жазған. Тұба тіліндегі дыбысталымға жақын. Б. Санхүү жазбасында «баврам» (бауырым) – туыстық атау («в» дыбысының қолданылуына уәж жок, -ым тәуелді жалғауының -ам болып кетуі – монгол емлесінің әсері: монгол тілінде *a* дыбысы біреу ғана болып жазылса, оқылғанда қысанданып ы-ға жақындейды).

**47. Long** – ұзын. Потанин, Самойлович «*ұзунъ*» түрінде жазады, бұл сөзді «ұзын бұт чичкань (тышқан)» тіркесінен алған. Худаяның 1-мәтінінде «ялага» сөз формасының мағынасы «жалға, ұзарт» дегенді білдіреді. Владимирцов хотыңдардың үйленген жастарға беретін батасынан «Балаларнұ ыасқ ұзқ ғаны толо» деген ұзінді келтірген (Балалардың жасы ұзақ, жаны толы болсын). Бұл контексте ұзын сөзінің ауыспалы мағынада қолданылып ұзақ мағынасында түрғанын көруге болады. «Гарваа горвоо» мәтінінде «оозон тілден тартангас» (ұзын тілден тартыныңыз) деген тікес бар, яғни бұл сөз хотондарда сақталған, жазылуы әртүрлі сипатта.

**48. Man** – ерек. Мұның «ересек ер адам» деген персондық мәндегі сөзі кездеспеді, тек информанттардан алынған «Эр дотло» (күйеуге шықты) деген сөйлемдегі *эр* сөзі жуықтайты. Алайда «ер жынысты» деген мағынада бірнеше сөз бар. Жас ерекшелігіне қарай ер адамдарды сипаттайтын сөздер: *авиыхан, авииха – қарт, аасахал – ақсақал, қагмаар* (Б.С.) – жітіг. Ер жынысты белгілейтін туыстық атаулар: *ата-әке, улангар – ұл бала, қагарман – ер бала* (С.Б.)<sup>3</sup>, *ваваа – әке, хүеәв – күйеу бала, қаракуул – күйеу бала, ұлмаар – ұл бала, уул/ұлғаар – ұл, ақаа – ата, қагармын ұлғаар – кенже ұл* (шаңыраққа ие болатын ұл, яғни дәстүр бойынша, кенже ұл), *уул ач – ұл немере* (Б.С.); *агаңғас – аға, ақаа – ата, ағаа – аға, баврам* (иненгес) – іні, *агам – аға, хүеәв – күйеу бала, ұлмаар – ұл бала, уул – ұл, қагармын ұлғаар – кенже ұл* (Д.С., Р.С.); *ваабай – баба, атай – атай* (Худаядан); *ата/әта – әке, ах – аға, ата (өвөг) – ата, аукан – әке, баба – ата, көвөн/куеән* – күйеу бала, *агаңғас (агаңғыс) – аға(ңыз), баба – ата, ініңгіс – іні(ңіз)* (Информанттардан). Малдың еркегінің атаулары: *ују – бұқа, әрәә түеәг – атан* (С.Б.); *әрка түеәг – ерек түйе, әрка гоёмдаан – ерек қой, әрка әгәс – ерек сиыр* (Б.С.); *әрка түеәг – атан, әрка гоёмдаан – ерек қой, гүльджа – құлжа, әрка әгәс – ерек сиыр, ириг – ісек қой* (Д.С., Р.С.); *азыргы – айғыр, буур – бура, атан /атын – атан, айғұр/айғұр – айғыр, ат – ат, тәх - теке, бұх – бұқа* (Информанттардан).

**49. Many** – көп. Бұл сөз табылмады. Тек *көп* сөзімен мәндес толо, толло (Я.В.) – толы, бай - бай (С.Б.) сөздері бар.

**50. Meat** – ет. Б. Санхүү жазбасында түркі тілдерінің қарлұқ тармағына тән «*гош, гошмоор*» айтылымдары *ет* болып аударылады, осы жазбадан хотың тілінде *ет/әт* сөзі де бар екенин көреміз, Санхүү «*сүүмәнд – шала піскен ет, таташи – туралған ет*» атауларды келтіреді. Д. Солонго жазбасында *таташи – туралған ет, ішқарық – іші-қарын* сөздері бар. Б. Санхүү жазбасындағы *жоя – қазақ тіліндегі жая* сөзінің баламасы. Хотыңдар өкпені *оошиг* дейді. Қазақ тіліндегі «*өкпе өшү*» тіркесін ескерсек, хотыңдардың өкпе мүшесіне тән қүй-жайды заттың атауына айналдырығанын байқауға болады.

**51. Moon** – Ай. Хотың тілінде бұл сөздің астрономиялық атау ретіндегі мағынасы да, уақыт, мезгіл мағынасы да бар. Қасиетті мәтіндегі (Худая) жалбарынуда *Алтай, Хангай, Ая, Күе* деген қаратпаларда *Ая – Айды* білдіреді. Б. Санхүүде «*хөзө*» деген сөз *ай* мағынасын береді. Бадамхатан кітапында «*б сарын зам, айлығ йол*» деген монгол сөзі аралас сөйлемнің ішінен «*айлық жол*» деген хотың тіліндегі тіркесті көруге болады. *Аия* деген сөзді Б. Санхүү мен Д.Солонго монгол тіліне «*күн*» деп аударылған, бірақ бұл күмән келтіреді.

<sup>3</sup>С.Б. – С. Бадамхатан

52. **Mountain** – тау. Санхүү кітабындағы хотың әндерінің мәтінінде «Мянганы (тау аты) бәләэр нүүрсөд ирдийм» (Мянганның белдері арқылы көшіп келдім) деген сөйлем бар, осындағы бәл – тау сөзінің семантикалық төнгөртіндегі сөз.

53. **Mouth** – ауыз. Хотың тілінде бұл сөз қырғыз айттымына келеді: Владимирцов оза деп жазған. Ауыздың ішкі бөлігінен *tіlі* (тіл) деген, сыртқы бөлігінен ұрт, бет мағыналарын беретін иесе деген сөз, жазылым бар. Судың ағып шығатын жерін түркі тілдерінде «ауыз» деге бар, хотың тілінде оны әке (Б. Санхүү) дейтіні анықталды.

54. **Name** – есім, ат. Д. Солонгода *ам* сөзі бар, алайда оны «ата» мағынасында аударған, дәл осы жазбада *акаа* (ата), *атаа* (ата) сөздері бар. Сондықтан мұндағы *ам* сөзін осы санатқа жатқызуға тура келеді.

55. **Neck** – мойын. Владимирцовтың «Сөздікшесінде» *монән* түрінде берілген, алтайлық түбір *мон-* сақталып қалғаның байқауға болады. Осы семантикалық аядан Д. Солонгода *көлемаэ* (көмей), *кәкөх* (кеңірік) сөздері бар.

56. **Night** – түн. Сводештегі *түн* сөзі дербес табылмады, бірақ киіз үйдің тұндігін *түнтик* дейтінін Д. Солонго көрсетеді. Қазақ тіліндегі *түндік* сөзі түннен келіп шығатынын ескерте кетейік. Түннің семантикалық маңайындағы қараңғы сөзін хотыңдар *харангүү* дейді.

57. **Nose** – мұрын. Бұл сөзді Б.Я. Владимирцов *мурда* деп жазады. Түркі тілдеріндегі сөзben түбірлес, бірақ қосымшасының -да болып келуі басқа түркі тілдерінен байқалмады.

58. **Not** – жоқ. Мұның іс-әрекетті болымсыз ететін мағынасында сөз табылмады. Б.Я. Владимирцов «*жоқ*» сөзін «нет, небытие, отсутствие» деп аударады, зат пен құбылысты терістен мағынасында «*жоқ*» хотың тілінде кездеседі. Г.Н. Потанин жазбасында «*козыек чичкань*» зоонимі бар. А.Н.Самойлович «*екъ*» деген бөлігін жоқ мағынасын білдіреді деп табады. Мағынасын дұрыс тапқанмен, дыбысталымын дұрыс жазбағаны көрініп түр [2, 284]. Бұл – «*көзі жоқ тышқан*», яғни «*соқыр тышқан*» деген атау. Информанттар да тек терістен мағынасын білетіндігін байқатты.

59. **One** – бір. Бұл есептік сан есім дереккөздердің бәрінде де бар. Тек монголтілділердің жазбасында соңына дауысты дыбыс қосып (*бираи*) жазады.

60. **Person** – адам. Сводеш тізімі бойынша, мұнда адамның жынысы, жас ерекшелігі көрсетілмейді, жануармен қарама-қарсылық қойылатын адам мағынасы ғана көрсетіледі. Хотың тілінде бұл сөз бар. Владимирцовта *бу кіши* деген тіркес [4, 105] бұл *кісі* болып аударылады. Бадамхатан хотың тіліндегі *адан* сөзін *адам* мағынасында береді десе, Солонго *адан* дегенді «*бала*» деп көрсетеді.

61. **Rain** – жаңбыр. Бұл сөз табылмады, бірақ семантикалық айналасындағы шашу (жауын-шашын деген қос сөзден) мағынасын беретін *цацур/ чацу* сөзі кездесті [Информанттар], жаңбыр алдында аспанды болатын күркіреуді хотыңдар *күркірәх* (Д.С., Р.С.) дейді.

62. **Red** – қызыл. Г.Н. Потанин, А. Самойлович «*қызылъ*» сөзі өсімдіктер мен жануарлардың түсі ретінде кездесетінін айтады, мысалы: қызыл *агаш*, қызыл *киик*. Б. Санхүү, Д. Солонго «*қызыл / хизил*» сөзін қызы деп аударады, Бадамхатанда «*қызық*» – қыз, информанттар да осы мағынада айтты, тек дыбысталымы басқаша: *кизил* (қыз).

63. **Road** – жол. Бұл сөз тек Бадамхатан жазбасынан кездесті: ондағы «*б сарын зам, айлығ иол*» деген тіркес «*алты айлық жол*» болып аударылады. Демек, хотың тілінде *иол* сөзі бар.

64. **Root** – түбір, тамыр. Бұл сөз Г.Н. Потанин жазып алған «*толо тамырдай ағач*» тіркесінде бар, сын есім журнағы жалғанған пішінде түр: *тамыр-дай*.

65. **Round** – дөңгелек. Бұл сөз дербес кездеспеді, алайда дөңгелек сөзі анықтауыш болатын, яғни мағыналық мазмұнында «*дөңгелек*» семасы бар сөздер кездесті: *пурка* – дөңгелек бөрік (С.Б.), *харам* – дөңгелек алаң (қазақ тілінде – *аран*), (Б.С., (Д.С., Р.С.)), *иирнәэ/ иірін* – айналдырып ііреді; *бүрхәг* (*бүркүк*) – тымақ (Информанттар).

66. **Sand** – құм. Бұл сөз кездеспеді, тек хотың тілінде құмнан иленіп жасалған кесені чим тостой дейді; чим қазақ тіліндегі шым сөзімен төркінедес.

67. **Say** – айту. Худаяның №1 мәтінінде мынадай сөйлем жазылған: Худая хулам деген шаарлаа дутам деген ха-хожа-худая махамеден үндес десгән шевер дегемен шевер

хялitarган [6, 66]. Ажыратып оқығаннан кейінгі қазақшасы: *Құдай құлым деген, шариат тұтам деген, Хан қожа құдай, Мұхаммедтің үмбеті дескен, шебер дегенмен шебер қылдырган*. Демек, хотың тілінде де етістігі бар; ал басқа сөйлеу етістіктері өлі табылған жоқ.

68. **See** – көрү. Бұл сөздің өрісіндегі «**көр**» етістігі есімшениң екі формасында кездеседі: Г.Н. Потанин, Б. Владимирцов орыс тіліне былайша транскриптең: *курнёре* (*көрінер*), *курёнбас* (*көрінбес*).

69. **Seed** – түкім, дән. Б.Я. Владимирцов хотыңдардың *аштах* деген сөзін «хлеб, хлеб (на корню), хлеб в зерне, пашня» деп аударған [4, 107], Санхүүде, Солонгода – *аштаа*. Бұл мағынаны хотыңдар жалпы түрде *тараа* дейтініне жиналған материал көз жеткізеді, осында мағынада *тарығ* сөзі қолданылатынын М. Қашқарі сөздігінен көреміз [9, МҚ, I, 554; II, 202, 463]. М.Қашқаридан үзінді келтіре кетейік: *тарыды* – *екті*. Ол *тарығ тарыды*. – Ол *тары* *екті*; Ол *егін* *екті*. (*Тарыр-тарымақ* – *Егер-екпек*) (МҚ, III, 352). Түкім сөзі өсімдікке ғана емес, адамдардың ұрпағына байланысты да қолданылатыны белгілі. Осы түрғыдан келгенде, хотыңдардың *ұлак/ұлаг* – іні, қарындағас, сіңілі [4, 111] сөзінін мағыналық мазмұнында «түкім» семасы бар екенін болжауға болады (қазақ тіліндегі жалғастық мағынасын білдіретін ұласу сөзін еске түсіріңіз). С. Бадамхатан жазбасында: «*Аксуеэх* Хан акта ян енгелмәэн ак ягаи мусурман болов уу - Аксуиек Үлкен женге алдында аксуиек жақсы хотон болдың ба?» деген сөйлем бар. Демек, қазақтар сияқты, хотыңдар да «*сүйек*» сөзін «түкім, тек» мағынасында қолданылатынын көреміз.

70. **Skin** – тері. Адам терісіне қатысты бәт/бот деген сөз Худая контексінде бет *нұры*, жүз, *шырай* деген мағыналарды білдіреді. Адам терісінің қүй-қалпын білдіретін *хухаа* (куарған, өні кеткен) деген сөз бар. Солонгода *хуйх* – қүйқа болып аударылады, демек бас *терісі* дегенмен мағыналас. Хотың тіліндегі *тәрләг* – теріден жасалған киім (Б.С.) және жүқа шапан [Информанттар] деген мағыналарды білдіреді. Терінің мағыналық тәңріегінде информанттар *кабых* (жүқа жабу) сөзін айтты. Терімен қатысты атауларды келтіре кетейік: *тонег тон* – тері тон (Д.С., Р.С.), *булғаар туlam* – былғары тұлып, *атсығ* – аттың терісінен жасалған төсөніш (Информанттар).

71. **Small** – кішкене. Г.Н. Потанин «Саусақтар арбауында» хотыңдардың шынашақ саусақты «*кичкиния бобичек*» деп атайтынын жазады [3, 285]. Б.Я. Владимирцов «*Кічинә балам бар болла*» [4, 106] деген сөйлем келтіреді, хотыңдардың *кічине* [4, 109] сөзін кішкене деп аударады. Кіші мағынасында келетін бір сөз – *чагармын*: *чагармын ұлағаар* – шаңырақ иесі болатын кенже (кіші) ұл. Худаяның №1 мәтінінде кіші мағынасын *хийиг* сөзі береді.

72. **Smoke** – тұтін. Хотыңдардың *тұтұн* сөзін *темекі* сөзімен теңестіріп жіберген [4, 111].

73. **Stand** – тұру. Бұл етістік Б.Я. Владимирцортан ғана табылды: *Ат үсху тұрат* (ат су ішіп тұрады); *Ит ташшак тұрат* (ит тыныш тұрады), *Мал түр есән?* (мал аман ба?) деген үш сөйлем келтірген [4, 105-106] және «Сөздікшесіне» *түр* (*түр*) сөзін тіркеген [4, 111].

74. **Star** – жұлдыз. Сводеш бойынша мұнда жұлдыздар шоғыры, жұлдыз атаулары қамтылмайды. Хотың тіліндегі жұлдыз Г.Н. Потанинде *ильдысы* түрінде жазылған [3, 285].

75. **Sun** – Күн. Худая мәтініндегі жалбарынуда *Алтай*, *Хангай*, *Ая*, *Күе* деген қаратпаларда *Күе* – Күн мағынасын білдіреді.

76. **Tail** – қүйрық. Бұл сөз табылмады, тек ассоциацияланатын *ардак* сөзі қазақ тіліне «арт жақ, арты» болып аударылатынын қоса кетеміз.

77. **That** – сол, бұл (есімдік), 86. **This** – осы, бұл. Хотың тілінен бұл деген қолданыс қана табылды [4, 107].

78. **Thou** – сен. Бұл сөзді информанттар ғана айтты: *сәне* (саған) *мануу с* (сендер).

79. **Tongue** – тіл. Хотың тілінде бұл сөз ағза атауы ретінде қолданылады: *тілі* [4, 110] бобичек – кішкене тіл [3, 284]. Лебіз, ниет мағынасында Худаяның №1 мәтінінде қолданылған: *Хар тәлтән тартанғас* (Қара тілден тартыныңыз), *Ак тәлтән тартанғас* (Ақ тілден тартыныңыз).

80. **Tooth** – тіс. Бұл сөз бір рет қана кездесті: *тіш* [4, 110].

81. **Tree** – ағаш. Сводеш тізімі бойынша бұған жинақтау мағынасындағы «орман» мен ағаштың жекелеген түрлері енбайді. Ондай сөздер хотың тілінде баршылық:

Г.Н. Потаниндегі *агачъ* (агаш) [3, 283] пен *харганакъ* (қараған), *харгай* (қарағай), *яргай* (ырғай) (Инф.) сөздерін көлтіреміз.

**82. Two** – еki. Хотыңдардың жадында 1-ден 1000-ға дейінгі сандар сақталған, сан есімдер жазбаларда да тіркелген. Екі сөзі *иқи* болып дұбысталады.

**83. Walk (go)** – жүру. Сводеш тізімінің шартына қарағанда, бұған қалып етістігі мәніндегі *жүру* жатады, алайда А. Дыбо «кету» етістігін де қамтыған [1, 513-516]. Хотың тілінен бұған қатысты мынадай сөз тұлғалары кездесті: гайда *йур* (қайда жүр), гайда *йурат* (қайда жүреді) [Вл., 105] *йүр* [Вл., 109] *йүрлә* (жүр) [4, 106]. Жүру қалып етістігінің өрісінен жораалх (жорғалау) (Д.С., Р.С.) сөзі табылды.

**84. Water** – су. Потанин жазбаларында «Дүғалар» мәтінінде ... *сууны суулаганъ* эрь суунынъ *тирляры*» (суды сулаған, жер-судың пірлері) дейтін тіркес бар. Владимирцов «Жекелеген айтылыстарда» «Ат *усху* турат» (Ат *сусап* тұрады) деген сөйлем; *Йер-суу* (Жер-су) жинақтаушы атауын [4, 105-106] жазып алған. Монғолтілді ғалымдар бұл сөзді ескермен, информанттар да айтпады. Алайда дереккөздердің бәріне ортақ жайт – бұл сөздің «Худаяның №1 мәтінінде айтылатыны.

**85. We** – біз. Информанттар бұл есімдікті төрт формада айтты: *мәне* (бізге), *манс* (біздер), *бидим* (біз), *маануус* – біз. Демек, жіктеу есімдігінің жекеше түрін (мен) тірек ететіні байқалды. Осылан қарап, хотыңдардың алтайлық *мән* түбірін сақтап қалған деп болжам айтуға болады.

**86. What** – не. С. Бадамхатан жазбасындағы «Отос имәени ик жилганданаа чиәэк *нимиаан* тутак турай» (отыз күндей ас бергенде, шырақ жағарда айтатын сөз) – Отыз емені екі жалғанда шырақ *немен* тұтатулы түргай» деген сөйлемде ғана септік формасында кездесті [5, 34]. Худаяның №1 мәтінінен алынған мына үзіндіде де «нимән» – көмектес септігіндегі *не* есімдігі: хүчәэн *ингәс* (куш енгіз) *нимән* дәнгәс (немен деңіз).

**87. White** – ақ. Г.Н. Потанин жазбасындағы *акъ* чичканъ (ақ тышқан), *акъ* коянъ (ақ коян), *акъ* күш (ақ құс) атауларында бар [3, 283]. С. Бадамхатан мен Б. Санхүү Худая мәтініндегі «*Ак* тәлтән тартангас» (Ақ тілден тартыңыз) деген сөйлемді көлтіреді. С. Бадамхатан «*Аак* сүеәктә яғаш мусурман болов уу» (Ақ сүйекті жақсы мұсылмандың ба) деген сөйлемінде ақ сын есімін ауыспалы мағынада (текті) қолданады [5, 35]. Хотыңдар сонымен қатар ақ түстің ренін білдіретін боз сын есімін де қолданған: босъ коянъ (боз қоян) [Сам., 284]. Информанттардың жадында ақ сияқты ашық түсті білдіретін *гілән* (қылан) *гиләң* (ақ), *қылан* *юғәң* (ақ) сын есімі де қалған.

**88. Woman** – әйел. Дәл осы мағынасын (түрмистағы әйел) хотың тілінде қатын сөзі береді: *хатан* [4, 111], *хатан/хатың* [Информанттардан]. *Зайыб* [4, 108], *заяи* (зайып) деген (Д.С., Р.С.) кірме сөз кездесті. Әйелге шеше ретінде қолданылатын сөздердің дұбысталуында әралуандық бар: *ана* [4, 106], *инаа* (ене, ана), *әгәнгәс* (ана) (Б.С., (Д.С., Р.С.)); *чәшгәэ* (шеше) (Б.С.); *чәшгәэ* (әже) (Д.С., Р.С.), *чишаан* (шеше) [Инф.]. Күйеусіз әйелді, жесірді, хотыңдар *ампырат* дейді [Инф.]. Күйеуге шықпаған әйел атауы «*қыз*» *кизил/қызыл/хизил/қызық* ретінде дереккөзде әртүрлі жазылған. Информанттардан *сәвгәр* (қыз) сөзі табылды. Жас ерекшелігіне қарай әйелді атайтын сөздер *көгөрөн* (кемпір), *кампәр* (кемпірім) [5, 34], *кәмпәр* (кемпір) (Б.С.). Әйелдің туыс ретіндегі атаулары да бар: *адиа* (әпке), *қызыл* *ненгістен* (қарындасының-дан) [Инф.]; *әнкә* (женге кәрі (ене?), әйлә («әпке» деп аударылған, бірақ кірме сөз «әйелді» еске салады), *янгәлмәен* (женге) (С.Б.); *хәләнгәэр* (келін), *енгелме* (женге), *зенсе* (женге, женеше) (Б.С.).

**89. Yellow** – сары. Г.Н. Потанин жазбасындағы «*саръ* чичканъ (сары тышқан) [3, 286] жәндік атауындағы сары сөзі осы мағынаны береді. Информанттар сары түсті *шар* деп айтты: «Ақ *шар* баш хойын яндығына (Ақ сары бас қойын жандығына)». Қойдың сары түсін білдіру үшін хотыңдар «*аксанғыс* гоё (сары қасқа қой) (Д.С., Р.С.), *аксантай* ерке хой (сары қасқа ерекк қой) деген сөздерді қолданады.

**90. Far** – алыс. Бұл сөз табылмады, алайда *арилх* сөзінің мағыналық мазмұнында алыстау семасы бар [Сол., 000]. Сонымен қатар осы сөзben мағыналық өрісте болу мүмкіндігі бар *ары* үстегең информанттармен әнгімелесу барысында тіркеп алдық: ит қорығанда «*Ар жат!*» деп айтты. Түркі тілдерінде ұзақ сөзінің семантикалық мазмұнында алыс семасы

да болатыны белгілі. Осы тұрғыдан келгенде Б.Я. Владимирцовтың хотың тіліндегі «үзің» сөзін «долгий» (ұзақ) деп аударғанын [4, 111] дұрыс деп санаймыз.

91. **Salt** – тұз. Бұл мағына екі түрлі сөзбен айтылады: *тұз* [4, 110], шүү (Информанттар).

92. **Year** – жыл. «Худаяның» №13 мәтінінде он жил деген тіркес бар, сонымен қатар хотыңдар, қырғыздар сияқты, жыл мағынасында *йаш* сөзін де қолданатыны көрінді: «яшка яш – къ году годъ» [3, 290].

93. **New** – жаңа. «Худаяның» №1-мәтінінде «янаа ян яңданғанаа» деген тіркес бар, осы тіркесті қазақшаласақ, «жаңа жан жанданғанда» болып шығады.

Хотың тілінен табылған тілдік бірліктердің 86-сы Сводеш тізіміндегі ағылшын сөзінің мағынасына толық сәйкес келеді, ал 7-үнен сол мағыналық өрістен орын алатын басқа сөз тартылды. Демек, хотың тілінен табылған лексемалардың 84,54%-ы М. Сводештің 110 сөздік тізіміндегі сөздерге сәйкес келеді.

Хотың тілінен Сводеш тізімі бойынша табылмаған сөздер: 1. claw (тырнақ). 2. cloud (бұлт). 3. cold (суық). 4. eat – жеу. 5. egg – жұмыртқа, 6. feather (қалам), 7. heart (жүрек), 8. knee (тізе), 9. louse (бит), 10. sit (отыру), 11. sleep (ұйықтау), 12. stone (тас), 13. swim (жүзу, малту), 14. warm (жылы) 15. who (кім), 16. short (қысқа), 17. snake (жылан), 18. thin (жұқа, жінішке), 19. wind (жел), 20. worm (құрт). Бұлар Сводеш тізімінің 15,46%-ын құрайды.

### Қорытынды (Conclusion)

Хотың сөзін орысгалымдарының орысестілімімен жазуынан, Монголияғалымдарының монгол естілімімен жазуынан фонетикалық жаңсақтықтар жіберілгенін көруге болады. Мұны хотың арасына барып олардың айтылымымен салғастырып барып байқап отырмыз. Дей тұрғанмен жазбалардан түркілік түбірді ажыратып алудың мүмкіндігі баршылық.

Хотыңдардың базалық лексикасын Сводеш тізімімен салғастыру олардың тілінің түркі тілдерінің қатарына жататынын анық көрсетті. Соның ішінде қырғыз тілімен сәйкесетін тұстары көп. Атап айттар болсақ, хотың тілінде қырғыз тіліне тән мынадай фонетикалық сипаттар бар: сөзді й-мен емес, ж-мен айту (жагас, ); еріндік ұндеңтіктің көріністері бар; с/ш дыбыс алмасуы; ш/ч дыбыс алмасуы (*агач*); жуан буынды сөзді тіл алды к дыбысына аяқтау (*айлық, агамак*), қос дауыстының қатар келуі (*аашна*), қосар әл-ды әл дыбыс тіркесімен ауыстыру (*Алла/Алда, молла/молда*). Бұл көрсетілген құбылыстар басқа түркі тілдерде де бар, алайда хотыңдардың этникалық құрамында (хотыңдар мұны «елкін» дейді) қырғыз тайпаларының да атаулары бар.

Хотың тілінде сақталған негізгі сөздері Сводеш тізімінің 83,64%-ын қамтиды. Бұл дегеніміз хотың тілін жаңғырту мүмкіндігі бар екенін байқатады. Ендігі міндеттердің бірі – хотың тілі бойынша Сводеш тізімін түгендеу. Бұл міндетті далалық зерттеу орындаиды деп сенеміз. Тағы бір міндет – түркі тілдеріне Сводеш тізімінің қосымшасымен салғастыру. Ондағы 302 сөз мақала көлеміне сыймайтын болғандықтан, бөлек зерттеу ретінде ұсынған жөн.

### Алғыс айту, мұдделер қақтығысы

Мақала AP19675461 «Жоғалып бара жатқан түркі тілдерін пәнаралық тұрғыдан зерттеу: Монголиядағы хотон этнотобы» тақырыбындағы гранттық жобаны орындау барысында жазылды.

Мұдделер қақтығысы жоқ.

**Авторлардың қосқан үлесі.** Ж. Жақыпов мақаланың негізгі идеясы, тұжырымдамасын айқындаپ, зерттеу материалдарын талдаپ, түсіндірді және мақаланың негізгі бөлігін жазды. Н. Әбдікәрім материалдарды жинақтау, сұрыптау, аудару, мәтіннің мазмұнының түрғыдан қайта қарау, мақаланы рәсімдеумен айналысты. Жұмыстың барлық аспектілері бойынша авторлар тең дәрежеде жауапты болды әрі оны зерттеу, ұсыну және мақаланың тұтастығы, деректердің дұрыстығын шешу мәселелері өзара талқылау, пікір алмасу негізінде ғылыми тұрғыдан жүзеге асырылды.

## Әдебиеттер тізімі

1. Этимологический словарь тюркских языков. Том 9 (дополнительный). Этимологический словарь базисной лексики тюркских языков. / Составитель Дыбо А.В. – Астана: ТОО «Prosper Print», 2013. – 616 с.
2. Потанин Г.Н. Очерки Северо-Западной Монголии. 1883 г. Изд. 2-е. – Горно-Алтайск: Ак Чечек, 2005. – 1026 с.
3. Самойлович А.Н. Хотонские записи Потанина // Записки Восточного Отделения Императорского Русского Археологического Общества. Пг.: Типография Императорской Академии Наук, 1916. С. 278-290.
4. Владимирцов Б.Я. Турецкий народец хотоны: Новые данные о хотонах // Записки Восточного Отделения Императорского Русского Археологического Общества. Пг.: Типография Императорской Академии Наук, 1916. С. 265-277.
5. Бадамхатан С. Увсын хотон ястан., 2 дахь хэвлэл. – Эрдэнэт: Ажнай, 1995. – 91 хуудас.
6. Санхүү Б. Хотон ардын аман зохиол. – Улаанбаатар: ШУА Хэл зохиолын хүрээлэн, 2014 – 442 хуудас.
7. Солонго Д., Сарангэрэл Р. Хотон аман аялгуу. – Улаанбаатар, 2020. – 157 б.
8. КРЯ. Киргизско-русский словарь. В двух книгах. / Составил К.К. Юдахин. – Фрунзе: Главная редакция Киргизской Советской Энциклопедии, 1985. – 984 с.
9. Қашқарі М. Тұрғық сөздігі. Үш томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсніктерін жазған А. Егеубай. – Алматы: Хант, 1997.

**Ж.А. Жакупов<sup>1</sup>, Н. Абдиқарим<sup>\*2</sup>**

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

<sup>2</sup>Национальный научно-практический центр имени Ш.Шаяхметова, Астана, Казахстан

### **Базисная лексика исчезнувшего языка (Хотонский язык в Монголии)**

**Аннотация.** Статья посвящена освещению результатов первого этапа изучения хотонского языка, который входит в число исчезнувших языков и не входящего в список мировых языков.

Предыдущие исследователи хотонцев рассматривали их лишь в историко-этнологическом аспекте. Особенность данной работы состоит в том, что в качестве объекта исследования взят язык этноса.

Хотоны, живущие в Монголии (на русском и монгольском языках пишется как «хотон», а самоназвание — «хотын»), не утратили этнической памяти: они хорошо осведомлены о своих исторических корнях — знают, что они тюркского происхождения. По данным последней переписи населения, их численность достигла 11 тысячи человек. Несмотря на это, потеряли родной язык, до сих пор не нашлось человека, говорящего на хотонском языке. Однако замечено, что в их халхаской речи используются отдельные хотонские слова в функции говора.

В современном общем языкоznании для оценки родства различных языков введена ориентация на «Список Сводеша». Поэтому была выполнена задача по созданию сводешского списка лексики хотонского языка. Для того, чтобы наглядно доказать, что язык хотонов принадлежит тюркским языкам, использован примененный тюркологом А.В. Дыбо стандартный сводешский список для этимологизации базовой тюркской лексики.

Было замечено, что хотонский язык имеет возможность занять свое место среди тюркских языков. Среди тюркских языков обнаружено больше элементов киргизского языка.

Конечная цель этого исследования — задокументировать и заархивировать хотонский язык как исчезнувший.

**Ключевые слова:** исчезнувший язык, хотон, тюркские языки, Списки Сводеша, базисная лексика, семантическая категория.

Zh.A. Zhakupov<sup>1</sup>, N. Abdikarim<sup>\*2</sup>

<sup>1</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan,

<sup>2</sup>National scientific and practical center named after Sh.Shayakhmetov, Astana, Kazakhstan

## Basic vocabulary of an extinct language (Khoton language in Mongolia)

**Abstract.** This article presents the findings of the initial phase of studying the Khoton language, which is one of the extinct languages and is not included in the list of world languages.

Previous researchers of Khoton considered it only in the historical and ethnological aspect. Therefore, the peculiarity of this work is that the language of the ethnic group is taken as a special object of research.

The Khotons living in Mongolia (in Russian and Mongolian languages it is written as "Khoton", and the original name is "Khotyng") have not lost their ethnic memory: they know well that they are of Turkic origin. According to the recent census, their number has reached 11,000. Even so, they have lost their native language, and so far there has not been found a person who speaks the Khoton language. However, it is notable that their Khalkha speech incorporates certain Khoton words in the function of the dialect.

In modern general linguistics, to assess the relationship of different languages, a focus on the "List of the Swadesh" has been applied. Therefore, the task of creating Swadesh list of the vocabulary of the Khoton language was carried out. In order to clearly prove that the Khoton language belongs to the Turkic languages, the standard Swadesh list which was used by turcologist A.V. Dybo to etymologize the basic Turkic vocabulary, was applied.

It is noticed that the Khoton language has an opportunity to take its place among the Turkic languages. Furthermore, a greater number of elements of the Kyrgyz language were identified within the Turkic languages.

The ultimate aim of this study is to document and archive the Khoton language as an extinct language.

The article was written during the implementation of the grant project AP19675461 "Interdisciplinary study of endangered Turkic languages: the khoton ethnic group in Mongolia".

**Keywords:** extinct language, Khoton, Turkic languages, Swadesh lists, basic vocabulary, semantic category.

## References

1. Jetimologicheskij slovar' tjurkskikh jazykov [Etymological dictionary of Turkic languages]. Tom 9 (dopolniteľnyj). Jetimologicheskij slovar' bazisnoj leksiki tjurkskikh jazykov. / Sostavitel' Dybo A.V. – Astana: TOO «Prosper Print», 2013. – 616 s. [in Russian].
2. Potanin G.N. Ocherki Severo-Zapadnoj Mongolii [Essays on Northwestern Mongolia.]. 1883 g. Izd. 2-e. – Gorno-Altajsk: Ak Chechek, 2005. – 1026 s. [in Russian].
3. Samojlovich A.N. Hotonskie zapisi Potanina [Potanin's Khoton records] // Zapiski Vostochnogo Otdelenija Imperatorskogo Russkogo Arheologicheskogo Obshhestva. Pg.: Tipografija Imperatorskoj Akademii Nauk, 1916. S. 278-290. [in Russian].
4. Vladimircov B.Ja. Tureckij narodec hotony: Novye dannye o hotonah [Turkish Khoton people: New data about the Khotons] // Zapiski Vostochnogo Otdelenija Imperatorskogo Russkogo Arheologicheskogo Obshhestva. Pg.: Tipografija Imperatorskoj Akademii Nauk, 1916. S. 265-277. [in Russian].
5. Badamhatan C. Uvsyn hoton jastan [People Hoton of Uvs]., 2 dah' hjevljel. – Jerdenjet: Azhnaj, 1995. – 91 huudas. [in Mongolian].
6. Sanhyý B. Hoton ardyn aman zohiol [Hotons oral folk art]. – Ulaanbaatar: ShUA Hjel zohiolyн hyrjejeljen, 2014 – 442 huudas. [in Mongolian].
7. Solongo D., Sarangjerel R. Hoton aman ajalguu [Hoton spoken language]. – Ulaanbaatar, 2020. – 157 huudas. [in Mongolian].
8. Kirgizsko-russkij slovar'. V dvuh knigah [Kyrgyz-Russian dictionary. In two books]. Sostavil K.K. Judahin. – Frunze: Glavnaja redakcija Kirgizskoj Sovetskoy Jenciklopedii, 1985. – 984 s.
9. Kashkari M. Türk sözdigi. Ysh tomdyk shygarmalar zhinaǵy [Turkic dictionary. Collection of essays in three volumes]. Kazak tiline audarǵan, alǵy səzi men gylymi tüsinikterin zhazǵan A. Egeubaj. – Almaty: Hant, 1997.

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Жақыпов Ж.А.** – филология ғылымдарының докторы, жоба жетекшісі, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, нің қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, Қажымұқан көшесі, 11, Астана, Қазақстан

**Әбдікәрім Н.** – хат-хабар авторы, филология ғылымдарының кандидаты, Терминология басқармасының жетекші ғылыми қызметкері, Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы, Сығанақ көш. 43, Астана, Қазақстан

**Жакупов Ж.А.** – доктор филологических наук, руководитель проекта, профессор кафедры казахского языкоznания, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, улица Кажымукана, 11, Астана, Казахстан.

**Абдикарим Н.** – кандидат филологических наук, ведущий научный сотрудник Отдела терминологии, Национальный научно-практический центр «Тіл-Қазына» имени Ш.Шаяхметова, улица Сыганак, 43, Астана, Казахстан.

**Zhakupov Zh.A.** – Doctor of Philology, project manager, Professor of the Department of Kazakh Linguistics of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazhymukan street, 11, Astana, Kazakhstan

**Abdikarim N.** – corresponding author, Candidate of Philological Sciences, Leading Researcher of the Terminology Department of the National Scientific and Practical Center “Til-Kazyna” named after Sh. Shayakhmetov, Syganak Street 43, Astana, Kazakhstan.



**Copyright:** © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).